



## Электрондық тауарлар каталогінен мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асырылатын тауарлар тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы № 52 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 20 қаңтарда № 26579 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Бұйрықтың күшін жою көзделген - ҚР Қаржы министрінің 16.08.2024 № 552 ( 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

Бұйрық 01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 12-1-бабы 2 -тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Электрондық тауарлар каталогінен мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асырылатын тауарлар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектордың сатып алуы заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2022 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*Е. Жамаубаев*

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2022 жылғы 19 қаңтардағы  
№ 52 бұйрығына  
1-қосымша

## Электрондық тауарлар каталогінен мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асырылатын тауарлар тізбесі

№ п/п	Атауы
1.	Кеңсе тауарлары
2.	Шаруашылық тауарлары
3.	Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды
4.	Электр тауарлары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ